

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 498 қаулысы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

67) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"67) ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру тәртібін айқындау;" ;

мынадай мазмұндағы 161-1) тармақшамен толықтырылсын:

"161-1) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, аудит міндетті болатын мемлекет қатысатын ұйымдарды айқындау;" ;

415) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"415) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша тауарларды таңбалауда қолданылатын бақылау (сәйкестендіру) белгісі, сәйкестендіру құралы құнының шекті мөлшерін айқындау;" ;

502) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"502) одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз тауарларды жою нәтижесінде түзілген қалдықтарды тану тәртібін айқындау;" ;

591) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"591) арақтарға және айрықша арақтарға, тауар шығарылған жердің атапу қорғалған арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына, коньяк пен брендиге ең тәмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу;" ;

608) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"608) мемлекеттік сатып алу туралы және квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;" ;

мынадай мазмұндағы 758-32), 758-33), 758-34), 758-35), 758-36), 758-37), 758-38), 758-39), 758-40), 758-41), 758-42), 758-43), 758-44), 758-45), 758-46), 758-47), 758-48), 758-49), 758-50), 758-51), 758-52), 758-53), 758-54), 758-55), 758-56), 758-57) тармақшалармен толықтырылсын:

"758-32) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторын айқындау;

758-33) мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы есепке алудың бақылау аспаптары деректерінің операторын айқындау;

758-34) Қазақстан Республикасында жүргізіletіn тауарлардың сыртқы электрондық саудасы саласындағы экспериментті іске асыру;

758-35) мыналарды:

кедендей декларациялаудың ерекшелігін;

сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тауарлар санатын, Қазақстан Республикасында жүргізіletіn тауарлардың сыртқы электрондық саудасы саласындағы экспериментті іске асырушы өнірді және электрондық сауда тауарларына қатысты техникалық регламенттерді сақтаудың хабарламалық тәртібін қолдануды айқындау;

758-36) нарықтық бағалар туралы ресми танылған ақпарат көздерінің тізбесін бекіту ;

758-37) Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заннамасында белгіленген тауарларды уақытша әкелудің және уақытша әкетудің кедендей рәсімі қолданылатын лизинг заттарының тізбесін айқындау;

758-38) заттай нормаларды әзірлеу тәртібін айқындау;

758-39) бюджеттік кредиттің негізгі шарттарын белгілеу;

758-40) респубикалық бюджет туралы занда бекітіletіn үкіметтік борыш лимитін, мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін беру лимиттерін және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін жергілікті атқарушы органдар борышының лимиттерін айқындауды келісу;

758-41) респубикалық бюджеттен берілген кредиттерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздар шеңберінде респубикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы мен ережесін бекіту;

758-42) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның жанындағы консультативтік-кеңесші органның оң қорытындысы болған кезде әрбір кредиттік шарт бойынша бюджеттік кредитті қайта құрылымдауды жүзеге асыру;

758-43) кредиттік шарт тараптарының келісімі бойынша бюджеттік кредит бойынша борышты аудару жөнінде шешім қабылдау;

758-44) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен квазимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарының қолемін келісу тәртібін бекіту;

758-45) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздарды шығару тәртібін белгілеу;

758-46) мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі функцияларды орындауға қатысатын жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік меншікпен байланысты мұліктік сипаттағы барлық мәмілелер мен қаржылық қызмет туралы есептерді мемлекеттік мұлікке қатысты меншік иесінің құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органға ұсынуы тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

758-47) меншіктің мемлекеттік мониторингінің ақпаратына қолжетімділік беру тәртібін белгілеу;

758-48) дүлей зілзалалар мен авариялар нәтижесінде физикалық немесе моральдық тозу салдарынан жарамсыз болып қалған мемлекеттік мұліктің жекелеген түрлерінің жойылуын және жоюды ресімдеу тәртібін бекіту;

758-49) жою және кәдеге жарату үшін броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы Мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның шешімін келісу;

758-50) өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға атау беру, оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және оларға жеке адамдардың есімдерін беру туралы шешім қабылдау;

758-51) нысаналы жарнаны салуға бағытталған бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру тәртібін келісу;

758-52) нысаналы жарна бойынша шығыстарды жоспарлау тәртібін келісу;

758-53) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін, мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістемеге сәйкес қызметке функционалдық талдау жүргізу;

758-54) цифрлық трансформациялауды жүргізу;

758-55) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесін келісу;

758-56) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен қолемін, сондай-ақ тауарлар сатып алынатын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелері мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін келісу;

758-57) тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындаитын, қызметтерді көрсететін, Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының

қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын жекелеген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түрлерінің тізбесін келісү;".

2. Осы қаулы 2023 жылғы 13 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылатын осы қаулының 1-тармағының он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші және жиырма екінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайилов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК